

**"Қостанай қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүру үшін жеңілдіктер белгілеу туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 1441 бірлескен қаулысына және Қостанай қалалық мәслихатының 2022 жылғы 11 шілдедегі № 130 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 2 және Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2024 жылғы 22 ақпандағы № 84 бірлескен қаулысы және шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 ақпанда № 10152-10 болып тіркелді

Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Қостанай қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүру үшін жеңілдіктер белгілеу туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 1441 бірлескен қаулысына және Қостанай қалалық мәслихатының 2022 жылғы 11 шілдедегі № 130 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28843 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулы және шешімнің 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаларды алып жүретін адамдар.";

көрсетілген бірлескен қаулы және шешім мынадай мазмұндағы 2-1-тармағымен толықтырылсын:

"2-1. Қостанай қаласы азаматтарының келесі санаттарына қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүру үшін бекітілген тариф құнының 50% мөлшерінде жол жүру жеңілдігі белгіленсін:

- 1) 7 мен 15 жас аралығындағы балалар;
- 2) 15 пен 18 жас аралығындағы балалар."

2. Осы бірлескен Қостанай қаласы әкімдігінің қаулысы мен Қостанай қалалық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай қаласы әкімінің міндетін атқарушы*  
*Қостанай қалалық мәслихатының төрағасы*

*А. Исмагулов*  
*О. Байгабулов*